

Зияткерлік меншік құқығын қорғау жөніндегі кейбір шаралар туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 47/2 қаулысы. Қарағанды облысы Теміртау қаласы Әділет басқармасында 2008 жылы 23 желтоқсанда N 8-3-67 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 03 қыркүйектегі N 35/16 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2009.09.03 N 35/16 қаулысымен.

Тауарлық белгілердің қолдан жасалғандығын және зияткерлік меншік құқығын бұзған тұлғаларды анықтау жөніндегі шаралардың орындалуын, сонымен қатар оларды заңнамаларда белгіленгендей жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы N 637 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі N 367 және 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 371 қаулыларына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысын орындау үшін Теміртау қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Теміртау қаласы мен Ақтау кентінде аудио-, аудиокөрнекі шығармалардың, электрондық есептеу машиналарына арналған бағдарламалардың және кез келген материалдық тасығыштардағы дерекқорлардың даналарын сату тек сауда үйлері мен дүкендерде ғана жүзеге асырылады.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Серік Шәкірұлы Ақеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қала әкімі

О. Бітебаев